



Көркем эстетикалық
талғамын дамытуға
тәрбиелеу.

«Күй атасы –Құрманғазы» тақырыбындағы тәрбие шарасы күйшінің өмірі, шығармаларымен танысу оқушылардың эстетикалық білімін тереңдету мақсатында өтті. 2014 жылдың 9 қазанында «Күй атасы- Құрманғазы» тақырыбында өткізілген тәрбие шарасына барлық топтан оқушылар белсенді қатысты. Мақсаты: Құрманғазы Сағырбайұлының өмірі, күйшілік өнері жайында мәлімет беру, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру болатын. Кеште төмендегі сұрақтарға тәрбиеленушілер өз ойларын, білетіндерін ортаға салды.

1.Құрманғазы кім?

2.Құрманғазының өмірі жөнінде кім не біледі?

3.Құрманғазының күйлерінің шығу тарихы.

4.Күй, күйші туралы өлеңдерден үзінді.

Разихова Ардақ пен Сатқынова Айым Құрманғазының «Балбырауын» күйін, Мысырғали Іңқар « Адай» күйін нақышына келтіре орындады. Рахметқали Аякөз Мұрат Мөңкеұлының термесі мен халық әні «Гүлдерайымды» шырқады. Кеште күй құдіреті, күйшілік өнер туралы білімдері толықтырылды.

Қорытындысында Күй атасы –Құрманғазы- өз заманындағы қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтарға, зорлық-зомбылыққа қарсы күресіп өткен адам.

Құрманғазының күй ғұмыры ешқашан да толастамақ емес, өйткені оның күйлері-адам жанының көктемі мен жазы, арман мен махаббатқа жетелер талмас қанаты екені айтылды.



«Вальстің каролі» атағына ие болған қазақтың өнер саласында өзіндік орны бар композитор Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған бал кеші тәрбиеленушілердің есінде мәңгі қалмақ. Кеште қонақ ретінде шақырылған композитор, қазақ музыкасының зерттеушісі Илья Жақанов Шәмші аға туралы естелік әңгімелерімен бөлісіп, баға жетпес әндерін шырқауы өнерді бағалау, құрмет тұту бағытындағы түсініктерімізді толықтыра түсті.



«Күз келбеті» тақырыбында сурет салды. Әр топтан қатысқан оқушылар күз бейнесін бір-біріне ұқсамайтын, аса талғампаздықпен бояу карандаш арқылы және гуашь қолдану арқылы тамаша суреттей білді. Әр топтан қатысқан оқушылар күз бейнесін бір-біріне ұқсамайтын, аса талғампаздықпен бояу карандаш арқылы және гуашь қолдану арқылы тамаша суреттей білді. Зерделі де өнерлі балалар жұмысына тәрбиешілер ризашылық білдірді.

